

**"Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 365 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2024 жылғы 9 қазандағы № 326 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 10 қазанда № 35245 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 08.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 365 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11043 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетті қамтамасыз ету қағидаларында:

12 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Бағыттарды жол бойы алып жүруге арналған күзет нарядының сандық құрамын күзет ұйымы осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген талаптарды ескере отырып және "Жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің адам саны нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 23 қыркүйектегі № 711 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35159 болып тіркелген) сан нормативтері шегінде айқындайды."

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 8 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ